



# **Дәстүрден тыс сурет салу техникасының әдістері**

*«Алтын Самұрық» бөбекжай балабақшасы  
Тәрбиеші: Абдуллаева З.*




- 
- An illustration of various art supplies. At the top, a pencil with a brown eraser and a blue band is shown. Below it, a blue paintbrush is dipping into a white container of blue paint. In the foreground, there are several white paint containers filled with different colors: green, blue, yellow, and orange. The background is a soft-focus landscape with green hills and a blue sky with white clouds.
1. «Монотипия»
  2. «Жалпырақпен мөрлеу»
  3. «Жіппен сурет салу»
  4. «Қағазбен мөрлеу»
  5. «Сабынды көбікпен сурет салу»
  6. «Валикпен сурет салу әдісі»
  7. «Картон қырымен сурет салу»
  8. «Тұздың көмегімен сурет салу»
  9. «Шашыратып себу әдісімен сурет салу»
  10. «Үрлеу әдісімен сурет салу»
  11. «Желімдеу техникасы (зерәйнектер)»
  12. «Қолмен, алақанмен, жұдырықпен, саусақтармен сурет салу»
  13. «Шыныға сурет салу»
  14. «Пуантилизм (мақталы таяқша)»
  15. «Граттаж»
  16. «Балауызбен сурет салу»
  17. «Дымқылда сурет салу»
  18. «Бояуды тарақтау»
  19. «Түсті және ақ борлармен сурет салу»




### **Мақсаты:**

1. Дәстүрден тыс сурет салу техникасының әдістерімен;
2. Материалдармен еркін тәжірибие жасау;
3. Жағымды эмоция туғызу;
4. Табиғатқа, жануарлар мен заттарға деген эстетикалық көз қарастарын қалыптастыру;
5. Шығармашылыққа деген қызығушылығы арттыру.

### **Міндеті:**

1. Әдіс-тәсілдерді қолдана отырып өз ойын қағазға түсіру.
  2. Мәнерлі -бейнелеу құралдарын сәйкестендіре үйлесімді қолдану.
  3. Түрлі жобаларды зерттеп, іске асыру арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыру.
- 




*« Бала сұлулықты сезініп, оған  
қуанатын болсын, оған бейнеленген  
образдар оның жүрегімен зердесінде  
мәңгі сақталып қалатын болсын.  
Әсемдік - адамгершіліктің, ізгі  
сезімдердің, шын жүректі қарым -  
қатынастың жаны мен тәні»*

**В. А. Сухамлинский**

## «МОНОТИПИЯ»

### **Сурет салу технологиясы.**

Сурет салу парағын теңдей екі бөлікке бөліп , бүктейміз. Суретті қағаз бетінің бір бөлігіне ғана жарты симметрия етіп саламыз. Бояу кеппес бұрын, таза жарты параққа суретті беттестіріп , алақанмен басып , тегістейміз. Бүктелген парақты жазып , қажет болған жағдайда суретті одан әрі көркемдеуімізге болады.





## «Жапырақпенен мөрлеу»

*Сурет салу технологиясы.*

Ағаштың жапарағына бояу жамылып, кейін бояулы жақпен қағаз бетіне беттестіру. Жапырақтың үстін алақанмен тегістеп басып шығамыз. Жапырақты алғанда, қағаз бетінде жапырақ мөрі пайда болады.



## «Жіппен сурет салу»

### *Сурет салу технологиясы.*

Жіпті ұзындығы 7 -10 см. болатындай етіп бөлеміз. Жіптің бір бөлігін бояуға батырып, қағаз бетіне әр түрлі бағытта жүргіземіз. Егер, басқа түсті қолданар болсақ, таза жіпті алуымыз қажет.





## «Қағазбен мөрлеу»

**Сурет салу**

**ТЕХНОЛОГИЯСЫ.**

Гуаш

бояуын сумен

араластырып сұйық

консистенцияға дейін

жеткізіп. Қатты қағазды

мыжып, бояуға

батырамыз. Альбом

парағына боялған

қағаздың кесегімен


сурет саламыз.

## «Сабынды көбікпен сурет салу»

### *Сурет салу технологиясы.*

Сабынды көбікті гупканың көмегімен аламыз. Гупканы сығып, көбікті бояумен араластырамыз. Суреттің контурын жай қаламмен саламыз (салынатын кескін міндетті түрде үлкен көлемде болуы тиіс) Қылқаламмен көбікті бейнеленген суретке жағып шығамыз. Көбік кепкен соң, керек емес көбікті үрлеп алып тастаймыз.





## «Валикпен сурет салу»

*Сурет салу технологиясы.*

Гуашты ыдысқа құямыз. Валикті толығымен бояуға батырамыз. Валикті бояудан шығарып, артық бояу сырғытып аламыз да, қағаз бетіне із қалдыратындай етіп, бар екпінімен жағып шығамыз.

## «Картон қырымен сурет салу»

*Сурет салу*

**ТЕХНОЛОГИЯСЫ.** Картон қырына гуаш бояуын жағып, картон қырын қағаз бетіне иіп түсіру арқылы бояу ізін қалдырамыз. Картон қырының кескіні түзу сызықты, ирексызықты болып түсуіде мүмкін.



## «Тұздың көмегімен сурет салу»

### *Сурет салу*

**технологиясы.** Акварель бояуымен сурет салып, ылғал суреттің үстіне тұзды себелеп шығамыз. Тұзды суреттің барлық бөлігіне сеуіп шығамыз. Бояу кепкен соң, артық тұзды сілкіп алып тастаймыз.





## «Шашыратып себу әдісімен сурет салу»

### *Сурет салу технологиясы.*

Қағаз бетіне бейнеленетін суреттің нобайы салып аламыз да, оны қиямыз. Суреттің кескінін бір шетке алып қоямыз. Нобайы қиылған парақты жаңа парақ бетімен біріктіреміз. Тіс шөткесінің көмегімен парақты шағын аралықта ұстай отырып, бояуды шашыратамыз. Бояу қағаз бетіне майда тамшы ретінде түседі.



## «Үрлеу әдісімен сурет салу»

**Сурет салу  
технологиясы.**

Акварельді бояуды  
сумен араластырып, бір  
тамшысын қағаздың  
парағына тамызамыз.  
Түтік арқылы жан-жаққа  
таралатындай тамшының  
орталығына үрлеп  
ершітеміз.





## «Желімдеу техникасы (зерәйнектер)»

**Сурет салу технологиясы.**

Жай қарындашпен қағаз бетіне заттың нобайының салып аламыз. Канцеляриялық желімді ( ПВА желіміде болады) кішкентай тессек, ол қағаз бетіне жіңішке ақырын ағыспен ағады. Мұқият айналдыра желіммен нобайлаймыз. Кептіреміз. Ашық аумақтарын бояумен бояп шығамыз.

**«Қолмен , алақанмен ,  
жұдырықпен ,  
саусақтармен  
сурет салу»**

***Сурет салу технологиясы.***

Гуаш бояуын сумен араластырып сұйық консистенция болғанға дейін араластырып, ыдысқа құямыз. Алақан мен саусақтарды бояуға батырып, таза парақ бетіне қойып, із қалдырамыз.



## «Шыныға сурет салу»



**Сурет салу технологиясы.** Гуашты ПВА желімімен араластырамыз. Қағазға жай қарындашпен сурет саламыз. Салынған суреттің бетіне шыныны қойып, көрініп тұрған суретті басып шығамыз, бояп шығамыз.

## «Пуантилизм» (мақталы таяқша

### *Сурет салу технологиясы.*

Суретті салып алып. Ашық түстен бастап нүктелейміз. Келесі қолданар түсіміз алдыңғысынан қарағанда түсі тұйықтау болуы тиі. Нүктелер арасынан басқа түстерді қолдану үшін аздап бос кеңістік қалдырамыз.





## «Граттаж»

**Сурет салу**

**технологиясы.** Қатты қағаздың (картон) бетіне балауыз шамды толығымен жағып шығып, тушьпен бояп шығамыз. Бір тәулікке қалдырып кептіреміз. Кейін жіңішке таяқшамен қажетті суретті саламыз.

## «Балауызбен сурет салу»

*Сурет салу*

*технологиясы*

Қағаздың парағына  
шамның жіңішке  
жағымен сурет  
саламыз . Кейін  
гуаш немесе  
акварельді бояды  
жағып шығамыз .





## «Дымқылда сурет салу»

### *Сурет салу*

**ТЕХНОЛОГИЯСЫ** Сулы гупканың көмегімен қағаздың барлық жерін сүртіп шығамыз. Кейін суретті гуашь, акварельді бояулармен, борлармен сурет саламыз. Нәтижесінде ағылған, бұлыңғырлау сурет пайда болады.

## «Бояуды тарақтау»

**Сурет салу  
технологиясы.**

Қылқаламның көмегімен  
гуашты дақтарды (түрлі  
түстерді болады)  
ұсақ тарақтың  
көмегімен тігінен  
немесе көлденеңнен  
жағып шығамыз .





## «Түрлі-түсті және ақ борлармен сурет салу»

*Сурет салу*

**ТЕХНОЛОГИЯСЫ.** Ақ немесе түрлі-түсті қағаздың бетіне борлармен сурет саламыз. Кейін шашқа арналған лактың көмегімен суреттің бетіне сеуіп шығамыз, сонда суретіміз шашылып түспейді.

Тыңдағандарыңызға  
**РАХМЕТ!!!**

